



САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igitman01@mail.ru

• №15 (9569) 12 сәуір 2024 ж.

Ауыл шаруашылығы

Көктемгі дала жұмыстарын сапалы әрі уақытылы атқару - жауапты науқан. Жетісу облысы аграрлы өңір болғандықтан бұл мәселеде кемшілікке жол бермеу аса маңызды. Аталмыш мәселе өткен жұма күні аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында өткен ауқымды басқосуда жан жақты сөз болды. Келелі кеңеске Ақсу, Алакөл, Сарқан аудандары әкімдерінің орынбасарлары, округ әкімдері, ауыл шаруашылығы саласына қатысты мемлекеттік органдар, «Жетісу» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы мен «Қазақстан фермерлер одағы» филиалдары, су шаруашылығы кәсіпорындары, «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы» ғылыми-зерттеу институты, қаржы институттарының филиалдары, «Агрохимия қызметі республикалық ғылыми – әдістемелік орталығы» РММ-нің оңтүстік – шығыс өңірлік филиалы, сорт сынау учаскесі филиалы басшылары, Ақсу қант зауытының басшылары, тұқым, минералдық тыңайтқыштар мен пестицидтерді, ауыл шаруашылығы техникалары мен су үнемдеу технологияларын жеткізуші компаниялардың өкілдері және шаруашылық құрылымдарының басшылары қатысты.

ЖАУАПТЫ НАУҚАННЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ



«Көктемгі дала жұмыстарын жүргізу мәселелері» атауы аясындағы семинар кеңеске Жетісу облысы әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев төрағалық жасап, жауапты науқанды ұйымдасқан түрде жүргізу үшін барлық пікір мен ұсыныстар маңызды екендігін, бірлесіп атқарған жұмыстың арқасында межелеген жетістікке жетуге болатындығын атап өтті.

Көктемгі дала жұмыстарын сапалы, әрі уақытылы жүргізу негізгі арқау болған

жиында басты баяндаманы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдәулет Кененбаев жасады. Нұрдәулет Сағадиұлы биылғы себілетін дақылдардың түрлері мен көлемі бекітіліп, өңірлерге жолданғандығын, бұл былтырғыдай кейбір жекелеген дақылдардың шамадан тыс көп егіліп, оны өткізуде туындайтын қиындықтардың алдын алуға бағытталғандығын жеткізді. Баяндамашы дала жұмыстары барысында алдағы таяу уақытта межеленген

гидромет мәліметтерін де қаперге алу қажеттігін айта кетті. Сондай-ақ Нұрдәулет Сағадиұлы қант қызылшасын себу мәселелерін сөз ете келе, оған қажетті сепкіш техника мен тұқымның жеткілікті екендігін атап өтті. Саладағы мемлекет тарапынан берілетін жеңілдіктерді алу, диқаншыларды кепілдендірілген дизел отынымен қамтамасыз ету, тоғандар мен каналдарды тазалау сынды өзекті шаруаларға да жеке жеке тоқталды.

Бұдан соң мінбеге «Ақсу қант зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Самат Нәдірбаев, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ филиалының директор орынбасары Дулат Мұхамадиев, «ҚазСуШар» облыстық филиалының директоры Саят Құдайбергенов, «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы» ғылыми-зерттеу институты басшысының орынбасары Азамат Хидиров шығып, өз салалары бойынша қазіргі таңда өзекті деген мәселелерді тарқатты.

Басқосу соңында шаруалар тарапынан ауыл шаруашылық техникаларын жаңалауға бөлінетін жеңілдетілген қаржы көлемінің аздығы, мемлекеттен берілетін субсидияларды науқан кезінде ертерек беру, былтырғы жүгеріні өткізу бағасы сынды сұрақтар қойылды. Жиын-

ды қорытындылаған Әлібек Әскербекұлы көктемгі дала жұмыстарын уақытылы және оңтайлы агромерзімде өткізуді қамтамасыз ету үшін бірқатар шараларды қабылдау қажеттігіне тоқталды. Атап айтқанда ағымдағы жылдың 10 сәуіріне дейін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді тұқым материалдарымен толық қамтамасыз ету, кепілдендірілген жанар-жағармайды уақытылы жеткізу, машина-трактор паркін жаңарту, көктемгі дала жұмыстарын уақытылы жүргізу үшін несие беру жөніндегі жұмыстарды жандандыру, суармалы суды уақытылы беру үшін суару арналары мен су шаруашылығы құрылыстарын дайындау, тазалау әрі тіршілік нәрін егіс алқаптарына толық көлемде жеткізу ертеңгі мол өнімге негіз қалайтындығын және келешекте мал азығына ерекше назар аудару қажеттігін сөзіне арқау етті. Бірқатар жауапты тұлғаларға нақты міндеттер жүктеген облыс әкімінің бірінші орынбасары сөзінің соңында барлық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге жауапты науқанды сәтті өткізіп, қамбаларының астыққа толуына тілектестік білдірді.

Партия ЖЕҢІСХАН.

Қора қозыға толады

Алыстан қарағанда тау беткейлеріндегі шашылған тастардай болып көзге шалынатын мал қырдың сәні ғана емес, елдің несібесі. Төрт түліктің басын көбейту ауыл шаруашылығының басқа салаларына қарағанда жыл он екі ай бойы тынымсыз тірлікті қажет ететін, қиындығы мен жауапкершілігі мол еңбек. Малшылар қауымы үшін ең жауапты кез - осы көктем айлары. Ата кәсіпті нәсіп еткен ағайын мал төлдету науқанына үлкен жауапкершілікпен қарайтыны анық. Қойдан бөлек, басқа да ірі қара мал басын өз төлінен өргізіп, машақаты мол тірліктің бел ортасын-

да жүрген малшы қауымының алдында тұрған маңызды міндет - жаңа туған төлді дер кезінде аяқтандырып, олардың жақсы өсіп-жетілуіне жағдай жасау болып табылады.

Шығынсыз төл алудың қамы ауыл тұрғындарының басты алаңы. Сондықтан да, осы бір көкөзек шақта қойы қоздап, түйесі боздап, биесі құлындап, сиыры бұзаулап жатқан малшылардың арқаны кеңге салуға уақыты да жоқ.

- Сарқан ауданында мал төлдету науқаны қарқынды жүріп жатыр. Бұл науқанға шаруашылықтарда жан-жақты дайындық жұмыстары ерте бастан

жүргізілді. Мал қоралары жөндеуден өтіп, қидан тазартылды. Мал төлдейтін орындарға жеткілікті көлемде жем-шөп жеткізіліп, малшылар қажетті азық - түлік тағамдарымен қамтамасыз етілді. Наурыздың аяғы мен сәуірдің басында әдеттегідей қой қоздап, қора шұға толды, төл алу науқаны басталды. «Мал өсірсен, қой өсір, өнімі оның көл-көсір» деп тегін айтылмаған ғой,-дейді аудан бойынша мал төлдету науқанына байланысты атқарылып жатқан жұмыс туралы біздің сауалымызға орай аудандық ауыл шаруашылық және жер қатынастары бөлімі басшысының орынбасары Айгүл

Абдраимова.

Аудан бойынша барлық шаруашылық құрылымдарында төлдейтін 62092 бас қой мен ешкі болса, алынған төл 14255 басты құрап отыр. Жылқышылар бағымындағы 12630 бас биеден 453 бас құлын алынды. 228 бас інгеннің соңынан әзірше 14 бас бота еріпті. Сәуір айының аяғына дейін төрт түліктің төлі мал басының артуына негіз қалайды. Биылша басқа шаруашылықтарға қарағанда Екіаша ауылдық округінде саулық саны өткен жылғы деңгейден 407 басқа төмендеген. Төл алуға қажетті барлық жағдайлар жасалғандықтан төскейіміздің малға толатын уақыты жақын.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Басты құндылығымыз – дәстүрлі ислам

Жомарт ИГІМАН

Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев баяндама жасап, өзекті мәселелерді ортаға салды. Көптеген көкейесті мәселелердің қатарында кітап оқу мәдениетінің құлдырап кеткеніне алаңдады. Сол құлдыраудан келіп шығатын лудомания, нашақорлық, отбасылық зорлық-зомбылық, агрессия, буллинг тәрізді кеселдермен табанды күреске шақырды. Осы кеселдердің бір емі Ясауи бабамыздың Ұлы далаға алып келген дәстүрлі дініміз екенін де атады.

«Кейбір ірі компаниялар мен оқу орындары ұлттық нақышта киіну үрдісін енгізіп жатыр. Бұл – өте орынды бастама, оны қолдап, ауқымын кеңейте түскен жөн. Әсіресе, қазіргі таңда мұндай қадамдардың мән-маңызы айрықша. Себебі соңғы жылдары ел ішінде қара киініп, тұмшаланып жүретін адамдар пайда болғаны баршаңызға мәлім. Олар – бөтен емес, өз азаматтарымыз. Халқымыздың дүниетанымында қара киініп жүру деген атымен болмаған. Бұл – еліктеушіліктен, әсіре-діншілдіктен туған үрдіс. Біз салт-дәстүрімізден ажырамауымыз керек. Радикалды неофиттар халқымыздың салтында жоқ киім үлгілері арқылы да жат діни идеалдарды қоғамға таңуға тырысып жүр. Бұл біздің дәстүрлі ұғымдарымыз бен құндылықтарымызға жасалып жатқан ашық шабуыл екені анық. Біз бабаларымыздың сан мыңжылдық діни ілімі мен рухани бағдарына арқа сүйеуіміз керек. Еліміздің рухани дербестігін сақтап, оны нығайта түсеміз десек, түркі халықтарының көпшілігінің, соның ішінде қазақтардың дәстүрлі діні – сунниттік бағыттағы ханафи мәзһабына ден қоюымыз қажет.

Дүниеге ақыл-парасатпен қарау және еркін ойлау секілді ханафизмге тән қасиеттер ислам

өркеніетінің қайта өрлеуіне жол ашты. Сондай-ақ біздің өңірде өнер-ғылымның өркендеуіне және Әл-Фараби сияқты ұлы ойшылдардың тарих сахнасына шығуына ықпал етті. Ислам дінінің Ұлы дала төрінде таралып, тамыр жаюына орасан зор үлес қосқан, түркі әлеміндегі сопылық ілімнің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи мұраларын терең зерделеп, дәріптеуге де айрықша назар аударған жөн. Бұл мәселе бойынша ең әуелі өз еліміздің және шетелдің ғалымдарын шақырып, арнайы симпозиум өткізу қажет.

Осы орайда, Ясауи кесенесіне қатысты көне жәдігер туралы айта кеткім келеді. Ислам елдерінде әйгілі дін қайраткерлерінің бейіті міндетті түрде жапқышпен жабылады. Мәдинадағы Мұхаммед Пайғамбардың қабірі де осылай бүрделген. Бұл – Ислам өркеніетінің дәстүрі. Ал қасиетті Түркістандағы Ясауи қабірінде көптен бері арнайы жапқыш жоқ. Талай заманнан келе жатқан көне жапқышты қалпына келтіру жұмысы біраз жыл бұрын басталып, аяқсыз қалған. Мен құзырлы мемлекеттік органға осы құнды мұраны тезірек сапалы жөндеуден өткізіп, тарихи орнына қайтаруды тапсырамын, - деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Түбіміз – түрік, дініміз – ислам екенін қазақ қауымы біледі. Біле білсек, сенім мен көзқарас бірлігі қуат пен жігердің көзі болса, көзқарас алшақтығы дүниенің дүрбелеңіне себеп. Бір халықтың діни бөлшектенуі – жіктелу мен жеңілістің басы, құлдықтың хабаршысы. Мемлекет басшысының Құрылтайда көтерген зәру мәселелерінің қатарындағы діни алауыздықтың салдары жеңіл-желпі емес. Жат ағымның ықпалында адасып жүргендер халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрін мойындамайды. Домбыраға, жас

келіннің сәлем салуына, әруақты қадірлеуімізге ашықтан ашық қарсы шығып жүргендер күні ертең мемлекеттімізге қауіп төндіруі мүмкін.

«Біз халқымыздың рухани негізін құрметтей отырып, мемлекетіміздің зайырлы ел ретіндегі мәртебесін күшейте түсуіміз керек. Қазақстан өзінің мемлекеттілігіне және қоғамдық мораліне қайшы келмейтін діни наным-сенімдердің, түрлі танымдар мен ілімдердің бәріне түсіністікпен қарайды. Бірақ біз батыстың, я болмаса басқа да көзқарас иелерінің ықпалымен төл мәдениетімізге жат әрі әлемнің дуалистік негізіне кереғар құндылықтарды насихаттаушылардың жетегіне еріп кете алмаймыз, кетпейміз де! Деструктивті насихаттарға біздің еліміздегі балалар да ілесіп кетіп жүр. Сондықтан мұның зардап-залалы өте зор болуы мүмкін. Таразы басында өскелең ұрпақтың рухани жағынан сау-саламатты болу мәселесі тұр. Біздің осыған қатысты ұстанымымызға саяси ахуал да, жер жүзінде сәнге айналған жаңа үрдістер де әсер ете алмайды.

Біз дәстүрлі отбасы құндылықтарын табанды түрде орнықтыра беруіміз қажет. Ислам қағидаларын өрескел бұрмалап, қатып қалған догма ретінде қабылдайтын отбасылардағы әйелдерді кемсіту, тіпті қорлау фактілеріне ерекше назар аударған жөн. Мұндай отбасылардың тұрмыс-тіршілігі ғылым мен техниканың жетістіктеріне толы XXI ғасырдың өмір салтына мүлде үйлеспейтін сорақы тыйымдар мен тәртіптерге негізделген. Кейбір адамдар әдейі кері кетуді қалап, орта ғасырларға тән ескі таным-түсінік пен іс-әрекетке бой ұратын сияқты көрінеді.

Елімізде қыз алып қашуды, көп әйел алу-ды ұлттық дәстүр санап, ел ішінде дәріптерігі келетіндер бар. Бұл – мүлдем ақтауға бол-



майтын заңсыздық, қараңғылық, тіпті, масқара тірлік. Өркеніетті қоғамда әр азаматтың абыройы, құқығы және бостандығы баға жетпес құндылық болуы керек. Сондықтан мұндай ақылға сыймайтын әрекеттерді қатаң сынға алу жеткіліксіз. Оған құқықтық баға беріліп, біржола тосқауыл қойылуға тиіс.

«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар». Ата жолын сақтаймыз десек, ғасырлар бойы бабаларымыз ұстанған асыл дінімізді сақтайық. Дәстүрлі ислам – халқымыздың ұлттық бірегейлігін танытатын басты құндылықтың бірі. Біз оны берік ұстану арқылы экстремизмге және кертартпалыққа қарсы тұра аламыз, - деп көптің көкейіндегі ойды Президент нақтылай түсті.

Осыдан 4 ғасыр бұрын әулие бабамыз Мәнке би «...Ертеңіне сенбейтін күнің болады, алашұбар тілің болады, дұдамалдау дінің болады», - деп көрегендікпен айтқан қилы кезеңде ғұмыр кешіп келеміз. Мемлекеттің дамуы, ұлттың түлеуі – тек экономикалық даму мен қорғаныс құралдарына ғана байланысты емес, адамдардың білім-білігі мен ішкі рухани сенім-жігеріне тікелей тәуелді екендігін түсінетін кез жетті.

Құрылтай тұжырымдамасы - темірқазығымыз

Қадыл ЖАНАСБЕКОВ, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Ынтымағы жарасқан, ортақ мақсатқа ұйысқан ұлт ешқашан ұтылмайды. Бұл істе зиялы қауым айрықша рөл атқарады. Әсіресе елге сөзі өтетін аға буынның орны бөлек. Олар- қазақтың қаймағы, ұлттың мақтанышы. Елдің тұтастығы зиялы қауымның бірлігінен басталады. Яғни, алдымен ел ағаларының арасында ауызбіршілік болуы керек. Олар ұрпаққа өнеге болатын кесек әңгіме айтуы қажет. Жазушылар одағының төрағасы, Ұлттық құрылтайдың мүшесі Мереке Құлқенов жақында осы мәселе туралы орынды пікір білдірді. Мемлекет басшысының пікірінше халықтың береке-бірлігі, елдің тұтастығы зиялы қауымның ауызбіршілігінен басталады.

«Алдымен ел ағаларының арасында ауызбіршілік болуы керек. Олар ұрпаққа өнеге болатын кесек әңгіме айтуы қажет. Қазір ертеде өткен оқиғаларға, белгілі бір тұлғаларға қатысты талқылау көбейіп барады. Қаламгерлеріміз, тіпті Шыңғыс ханның тегі кім деп, айтысып- тартысып жататын болды.

Ашығын айтуымыз керек, біз тарихқа келгенде көбінесе эмоцияға беріліп кетеміз. Өткен заманды орынсыз қазбалау жақсылық әкелмейді, оның пайдасынан гөрі, зияны көп. «Өспейтін елдің баласы өнбейтін дауды қуады» деп бекер айтпаған. Өткен іс өтті, енді оны ешкім өзгерте алмайды. Уақыт ең әділ төреші екенін ұмытпайық. Бізге бітпейтін дау-дамай емес, мызғымас ынтымақ пен бірлік керек. Қазіргі тарихи кезеңде халқымыздың сөзі де, ісі де – бір болуы қажет. Сондықтан зиялы қауым, ең алдымен, еліміздің бірлігін нығайтуға баса назар аударғаны жөн, - Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы кейінгі кезде ата- бабасының жерлесінің есімін ұлықтауды сұрап, ұжымдық хат жазу әдетке айналып бара жатқанын да сынға алды.

Президенттің айтуынша, озық ел болуы үшін азаматтарымыздың мінез-құлқы, іс – әрекеті, ойы, ниеті- бәрі де соған сай болуы керек. Бұл орайда жастарға адал еңбекпен табысқа жету қажеттігін түсіндіру, ел ағаларының өмірлік тәжірибесін үйрету өте маңызды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы еліміздің жаңашылдық пен жасампаздық жолына түскеніне назар аударды. Бұл

– Наурыз мерекесімен және ислам құндылықтарымен толық үндесетін сара жол.

«Биылдан бастап елімізде өз- Наурыздың онкүндігін жарияладық, яғни әр күнді ерекше атап өтетін болдық. 15 наурыз- қайырымдылыққа арналған. Ұлыстың ұлы күні қарсаңында елімізде көптеген игі іс жасалуда. Халқымыз жаңаршылық, тілеулістік, бауырмалдық сияқты асыл қасиеттерін іс жүзінде көрсетіп жатыр. Бұл, шын мәнінде, озық қоғамға тән сипат деуге болады, - деді Мемлекет басшысы.

«Әйгілі Сарайшық қаласы осы жерге тиіп тұр. Бұл шаһар Ұлық ұлыстың, кейін Қазақ хандағының маңызды әкімшілік және сауда орталығы болғаны тарихтан белгілі. Ұлы Жібек жолының бойында тұрған қала бір кездері айрықша геостратегиялық рөл атқарған. Батыс пен Шығыстың экономикалық саяси, мәдени қарым- қатынасына ерекше ықпал еткен. Атақты хандарымыз осы жерге ордасын тігіп, ел билеген. Бірқатары Сарайшықта мәңгілік мекенін тапқан. Тарихшылардың пайымдауынша, Қазақ хандығын қуатты мемлекетке айналдырған Қасым хан осында жерленген. Бір сөзбен айтсақ, Сарайшық- төл шежіремізде айрықша орны бар киелі шаһар, - деді Қасым- Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай мүшелерінің алдында қоғамды жайлаған бес кеселмен атап айтқанда: есірткі саудасы және нашақорлықпен, лудоманиямен, тұрмыстық зорлық-зомбылықпен, буллинг және агрессиямен, вандализммен, ысырапшылықпен бүкіл ел болып күресіп, тосқауыл қоюға шақырады.

Әсіресе балалар арасында тез таралып, жастарымызды улап жатқан нашақорлық мәселесі аса күрделі екенін айтты. Нашақорларға жазаны күшейту керектігін оны ауыр қылмыс қатарына теңестіруді, қадап көрсетті.

Сондықтан Мемлекет басшысы айқындап берген жаңа идеологиялық бағдар аясына бүкіл қоғам болып топтасып, жаңа міндеттерді іске асыруда жұдырықтай болуымыз керек.

Алдағы уақытта халқымыз береке-бірлігімен Президентіміз айтқан «Адал адам - Адал еңбек - Адал табыс» тұжырымдамасына табан тіреп әрекет етсек, озық ойлы ұлт болып қалыптасатыны сөзсіз.



Жұртымыздың өзіне ғана тән ерекшелігі бар. Біз осы мәдени кодымызды сақтап, бабалар жолымен жүруіміз керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҰЛТТЫҚ киім - кодымыз

С. ЕЛЮБАЕВА, Жетісу облыстық «Атамеке» кәсіпкерлер палатасы Сарқан филиалының директоры.

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі қарсаңында Атырау қаласында өткен Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар көкейге қонымды, еліміздің ертеңі баянды етуге қатысты мәселелер көтерді. Оның ішінде сандаған ғасыр ұлтымызбен бірге жасап келе жатқан ұлттық киім турасында парасатты пікірін ортаға салды.

«Ендігі мәселе – ұлттық бірегейлігімізді нығайту. Мен «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатымда Ұлыстың ұлы күнін бүкіл ел болып жаңаша атап өтетінімізді айттым. Жақында осыған байланысты арнайы тұжырымдама қабылданды. Әрине, бүкіл әлем жұртшылығымен бірге қарсы алатын Жаңа жыл мерекесінен бас тартпаймыз. Бірақ Өз Наурыздың мәртебесін көтеріп, мазмұнын байыта түсеміз. Мысалы, Көрісу күнінен басталатын мейрам кезінде әр күннің өз атауы болады. Соның бірі Ұлттық киім күні деп аталады. Басқа жұрт қазақты киімінен танитын болуы керек. Мен былтыр ауызашар берген кезде осы мәселеге арнайы тоқталдым, - деп ұлттық киіміміздің рөлін айшықтай түсті.

Ұлттық киімнің дәрежесін ешқашанда түсірмеуіміз керек. Ұлттық киімді тек мерекеде ғана емес, үнемі мақтанышпен кию керек. Осы орайда өз ойымды да айта кетсем. Қазіргі таңда мен мына дүниемен келіспеймін ұлттық киімді мектептерде оқушыларға киіндер деп балаларды, ұлттық киімді кигізіндер, сатып алыңдар деп әке-шешелерін мәжбүрлейді. Ауылдық жердегі халықтың жағдайы қалай екенін білеміз ғой. Сондықтан әрбір адам жақсы сапада керемет ұлттық киімді балаларына кигізуге шамалары келмеуі мүмкін. Бірақ қатарынан қалмасын деп олар осы ұлттық киімдерді арзан маталардан, алашалардан жасап, балаларына кигізуге мәжбүр болып жатыр. Меніңше бұл ұлттық киімнің дәрежесін төмендетеді деген ойдамын. Келешекте осындай кемшіліктерді де ойландырып жөн.



Вопросы обязательного социального медицинского страхования обсуждались с сотрудниками предприятий Жетісу

Филиал фонда социального медицинского страхования по области Жетісу совместно с городскими поликлиниками провели встречу с коллективом компании АО «Азия электрик», ТОО «ТФ Ажар», ТОО «Метакон», «Талдыкорган көркейту», ТОО «JLC СУТ».

Работники озвучили массу проблем, с которыми сталкиваются в ходе посещения поликлиник. Это – длительное ожидание оказания медицинских услуг по показаниям здоровья, отказы в предоставлении медицинских услуг, грубое отношение медицинского персонала, направление на платные лабораторные исследования, диагностики по показаниям здоровья, который определяет врач.

При этом многие не знали о работе службы поддержки пациента, которая имеется в каждой медицинской организации и создана для решения проблем по принципу «Здесь и сейчас», так как пациент не должен оставаться один на один со своей не-

решенной проблемой. Сотрудниками филиала Фонда разъяснена деятельность службы поддержки пациентов, к слову, контактные данные ответственных лиц, то есть заместителей директоров указаны в медицинских организациях в доступном месте зачастую это рядом с регистратурой или справочной.

«Перед оплатой за медицинские услуги Фонд проводит мониторинг качества оказания медицинской помощи в субъектах здравоохранения. Лишь после этого Фондом производится оплата. И согласно № 321 приказа Министерства здравоохранения о правилах мониторинга, пациент не должен ожидать получение консультативной или диагностической услуги свыше 10 дней. При невозможности соблюдения сроков поликлиника обеспечивает своего пациента консультациями и обследованиями по направлению в организации исполнителей для своевременного оказания услуг населению», - резюмировала руково-

дитель отдела по информированию населения и рассмотрению обращений филиала Фонда Мадина Нургулиева.

Также в рамках встречи были обсуждены вопросы получения медицинской помощи в рамках ГОБМП и системы ОСМС, права пациентов, закон об ОСМС и много другое. Работники предприятия задавали интересующие их вопросы представителям поликлиник города Талдыкорган и получили исчерпывающие ответы.

Если при наличии статуса «Застрахован» возникают вопросы или проблемы с получением медицинской помощи в поликлинике можно незамедлительно обратиться в службу поддержки пациентов (есть в каждой поликлинике) или в филиал Фонда по области Жетісу по номерам +7 7282 55 90 06, 55 90 07, 55 90 13.

**Филиал по области Жетісу
НАО «Фонд социального
медицинского страхования».**

За 2 месяца 2024 года чистый инвестиционный доход вкладчиков ЕНПФ составил 343,6 млрд тенге



сформированных за счет обязательных пенсионных взносов работодателя (ПА ОПВР), по состоянию на 1 марта 2024 г. начала года - 0,11%.

Инвестиционный доход складывается из доходов в виде вознаграждения по финансовым инструментам (по ценным бумагам, вкладам и другим операциям), рыночной и валютной переоценки финансовых инструментов, доходов по активам, находящимся во внешнем управлении и т.д. НБРК и управляющие инвестиционным портфелем (УИП), в целях получения инвестиционного дохода размещают пенсионные активы в надежные финансовые инструменты разных секторов экономики в различных валютах в РК и за рубежом. За счет такой диверсификации обеспечивается устойчивая инвестиционная доходность.

В структуре инвестиционного портфеля пенсионных активов ЕНПФ за счет ОПВ, ОППВ, ДПВ в разрезе валют по состоянию на 1 марта 2024 г. 32,2% составляют финансовые инструменты, номинированные в долларах США, 67,8% - в национальной валюте. Инвестиционный портфель ПА ОПВР включает только финансовые инструменты, номинированные в национальной валюте.

Инвестиционная доходность с момента основания накопительной пенсионной системы в 1998 году на 1 марта 2024 года нарастающим итогом составила 833,94% при инфляции за весь

период 770,54%. Таким образом накопленный инвестиционный доход в долгосрочном периоде превышает инфляцию.

Напомним, что в Казахстане действует уникальная гарантия сохранности обязательных пенсионных взносов с учетом уровня инфляции. В случаях снижения доходности в отдельном периоде, повлиявшем на накопленную доходность вкладчика при наступлении права на выплаты, компенсация разницы гарантирована государством.

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении.

Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.enpf.kz) в разделе «Показатели/Инвестиционная деятельность».

Много интересной и полезной информации, в том числе интервью экспертов накопительной пенсионной системы об инвестировании пенсионных активов, - на YouTube-канале БЖЗК ЕНПФ.

Кене энцефалиті



Кене энцефалиті – кене арқылы тарайтын, ми қабынуын және орталық жүйке қабынуын тудырып, орталық жүйке жүйесін қатты зақымдайтын, жедел өтетін жұқпалы ауру. Кейде кене энцефалитін табиғи-ошақты тайгалық энцефалит, көктемгі-жаздық энцефалит деп те атайды. Кененің шағуы арқылы берілетін жұқпалы аурулар көктем-жаз айларында жиі кездеседі. Кененің шағуын дер кезінде байқау қиын. Себебі кене өз денесінен арнайы ферменттер бөліп, шаққан орнын білдірмеуге тырысады. Тұмсығын тері қабатына енгізген кене, майда қан тамырларынан қоректене бастайды. Сол жерде тойған мезетте бірнеше мың жұмыртқаларын тері астына тастап, сол мезеттен бастап ауру белгілерін шақыра бастайды.

Кене шағу белгілері:

- дене қызуының көтерілуі;
- бастың ауруы;
- құсу, лоқсу;
- әлсіздену, арқаның талып, буындардың ауруы;
- беттің, арқаның, кеуденің, көздің қызаруы.

Кене шағып алған жағдайда мүмкіндігінше денсаулық сақтау орындарына барған дұрыс. Егер оған баруға мүмкіндіктер болмаса онда арнайы тәртіптерді сақтай отырып, денедегі кенені алып тастау керек. Оны бірден жұлып алған жағдайда, мұртшалары теріде қалып кетуі мүмкін. Сондықтан, барынша абайлап алу керек. Кене шағып алған күннің өзінде абдыраудың қажеті жоқ. Тек мына алғышарттарды есте сақтау керек:

• Қан сорып жатқан кенені тұмсық астынан жіңішке жіппен байлап асықпай, жұлқымай, кене мұртшаларын толық шығарғанша ақырын тарту керек.

• Егер кененің басы толық шықпай теріде қара дақ түрінде қалып қойса, өздігінен шығуын бақылау керек. Егер шықпаса, хирургке қаралу керек.

• Кенені жұлған соң қолды мұқият жуып, йод немесе спиртпен өңдеу керек. Кейде кенелер қан сору кезінде теріге патогенді вирустар жұқтырылған зәрін қалдыруы мүмкін. Табылған кенені жағып немесе қайнаған суға салып көзін құртқаныңыз жөн.

Қалай сақтану керек?

• Табиғат аясында демалып үйге келгеннен кейін денедегі киімдеріңізді қағып, жақсылап қарап шығыңыз. Әсіресе, құлақтың артын, басты, шаштардың, саусақтардың арасын тексеріп шығыңыз.

Көп адамдар кенеге қарапайым жәндік ретінде қарайды. Кене шағып алған жағдайда дәрігерге қаралудың қажеті шамалы деп ойлайды. Кене энцефалиті адам өміріне қауіпті аурулар туғызады. Сондықтан, емханаға қаралуды кейінге қалдырмаңыз.

**Г.ОСПАНОВА,
Сарқан аудандық СЭБ
басқармасының бас маманы.**

Парктер шеруі 2024



Халықаралық акция аясында



Жыл сайынғы жақсы дәстүрге айналған «Парктер шеруі» халықаралық табиғатты қорғау акциясы биыл қаламыздағы кәсіптік білім беретін оқу орындары білімгерлері мен мектеп оқушыларының сап түзеп, «Жоңғар - Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің бас ғимаратынан «Жастар» саябағына дейін шеру тартып өтуінен бастау алды. Саябақтағы салтанатты жиында алғашқы сөзді «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің бас директоры Марат Кабиев алып, ісшараның басты мақсатына, тәрбиелік тағылымына жан-жақты тоқталды. Экологиялық шараның шығу тарихын тарқатқан Марат Нұрғазыұлы аталмыш табиғатты қорғау акциясы парк тарапынан жылда тұрақты түрде өткізіліп келе жатқандығын, акция аясында жергілікті тұрғындармен, мектеп оқушылары, сту-

денттер мен волонтерлар арасында әртүрлі табиғатты қорғау іс-шаралары мен ашық сабақтар, шығармашылық конкурстар ұйымдастырылып өткізілетіндігін тілге тиек етті. Бұдан соң Сарқан қалалық округінің әкімі Амантай Орынбеков сөз алып, туған табиғатымызды қадірлеуге,

әрбір жанның жүрегінде табиғатқа деген сүйіспеншілікті оятуға бағытталған осынау шараның халықты экологиялық ағартудағы мән-маңызын атап өтті.

Тағылымды шара өнерпаз өрендердің мерекелік бағдарламасымен жалғасын тапты. Жиыннан соң экологиялық

шараның қатысушылары шырша көшеттерін отырғызып, табиғатты қорғаудың жарқын үлгісін көрсетті. Жас буынды ең бастысы отансүйгіштікке, туған жердің табиғатын аялауға, оны келер ұрпаққа лайықты табыстауға үндейтін тәрбиелік мәні айырықша шара соңында баршасы жас көшеттер аясында естелік суретке түсіп тарқасты.

«Парктер шеруі» тарихы XIX ғасырдың 40 жылдарынан бастау алып, «Жер күні» деген атаққа ие болып, жыл сайын кең көлемде насихатталып келеді. Шара Америка жерінен бастау алған. 1990 жылдардан бастап АҚШ-та қорғалатын аймақтарды қолдауға бағытталған бұл шара салмақты да салиқалы, тереңділігімен жоғары беделге ие болып, кейін оны «Парктер шеруі» деп атауды ұйғарған. 1995 жылдан бастап АҚШ-тың дәстүрлі мерекесі Ресей ұлттық бақтары мен қорықтары тарапынан қолдау тапса, 1996 жылдан бастап Қазақстанда мерекелене бастаған. Ал, «Жоңғар-Алатауы» МҰТП-де «Парктер шеруі» табиғатты қорғау акциясы 2010 жылдан бастап өткізіліп келеді.

Өз тілшіміз.

Сарқанда сұйық май шығарылады

Сонау 2011 жылы құрылған «Сарқан Май» ЖШС зауыты соя және күнбағыс шикізатынан май және (күнжара) шрот өндіріп келеді. Бір күнде 100 тонна соя немесе 120 тонна күнбағыс өндіретін өндірістік мүмкіндігі бар. Ал «Жетысу Май» ЖШС еншілес кәсіпорны Талдықорған қаласында орналасқан, зауытта өсімдік майларын тазартатын цех, әрі қажетті қондырғылар да бар. Бұл жерде 1 және 5 литрлік пәт бөтелкелерге құйылатын тазартылған май шығарылады.



Жуырда осы зауыттан «PSD group» ЖШС-гі «Sarqan» атауымен күнбағыс майлары шығарып жатыр дегенді естіп, жақсыны көрмекке дегендей барып, жай-жапсарына қанықтық. Талдықорғандағы зауыттың басшысы Бауыржан Есенғұловтың айтуынша 2 өнеркәсіп орнында 100-ден аса адам қызмет атқарып, ортақ істің ілгерілеуіне өз үлестерін қосуда. Осыдан 4 жыл бұрын зауытты сатып алып, қомақты қаражат салып, өндірісті толықтай жүзеге асырып келеді. Ғимаратқа газ кіргізіп, қажетті құрал-жабдықтарды іске қосқан. Күнбағысты шаруалардан сатып алып, одан дайын өнім май шығаруда.

Ал Сарқандағы зауыттың директоры Дастан Тұраровтың ақпаратына сәйкес зауыт айына 815000 литр сұйық май өндіретін мүмкіндігі бар. Өзірше 5 литрлік құтыда шығатын өнімді келешекте 2 литрлік пластик құтыларға құйып, тасымалдау жоспары бар. Күнбағыс майы ішкі нарықтан бөлек шет елге атап айтқанда Өзбекстан, Қытай, Ресей мемлекеттеріне тасымалдануда. Сарқандағы зауыттан шыққан шикізат Талдықорғандағы зауыттан тазартылып, дайын өнім ретінде тұтынушылардың талғамынан шығуда. Себебі Сарқандағы зауытта тазартатын қондырғы болмағандықтан облыс орталығына жеткізіледі. Сауда үйлерінде, дүкендерде 5 литрлік ыдыстағы май 2800 теңге болса, тікелей келіп зауыттан алатын болса 2600 теңгеден алуға болады.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Балалар әдебиетінің хас шебері

Сарқан аудандық кітапханасының ұйымдастырумен жуырда классик жазушы Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығын балалар мен жасөспірімдер арасында насихаттау мақсатында «Балалар әдебиетінің хас шебері» байқауының аудандық кітапханасында іріктеу кезеңі өтті.

Сарқан аудандық кітапханасында ұйымдастырылып отырған байқауға 10 өтінім қабылданып, қатысушылар екі кезең бойынша бақ сынасты.

«Балалар әдебиетінің хас шебері» деп аталатын бірінші кезеңде байқау ережесіне сай жазушының төрт шығармасынан сұрақ - жауап берілген болатын. Екінші кезең «Заманауи Қожаны қалай елестетесіз» тақырыбында екі беттен тұратын эссе жазу.

Байқауға "Сарқан" газетінің тілшісі Игіман Жақсылық Жомартұлы, аудандық кітапханасының директоры Мухаметкалиева Гүлнар Мерхатқызы, аудандық «Тіл» оқу - әдістемелік орталығының меңгерушісі Ауханова Сымбат Жұмаханқызы қазылық етті.

Екі кезеңнің қорытындысы бойынша: 1 - орын Тілектес Шұғыла, 2 - орын Нұртай Мадияр, 3 - орын Өнербек Әсемгүл.



1 наурыз – Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні

Жыл сайын әлемнің көптеген елдерінде Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымының шақыруы бойынша 1 наурызда Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні атап өтіледі.

Шара табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу ісіндегі елдердің күш – жігерін үйлестіруге, халықты, АҚ қызметтерін ықтимал экстремалды жағдайларға дайындауға бағытталған және белгілі бір ұранмен өтетінін атап өткен жөн. Бүгінгі таңда Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымы (ХАҚҰ) – бұл азаматтық қорғаныс пен халықты халықаралық деңгейде қорғау саласында маманданған және Еуропа, Азия мен Африканың 70 – ке жуық елін біріктіретін жалғыз халықаралық үкіметаралық ұйым.

Республика бойынша барлық жерде тактикалық – арнайы оқу – жаттығулар, жаттығулар, байқаулар өткізілді.

Еліміздің барлық өңірлерінің мектептерінде тақырыптық сынып сағаттары, ашық сабақтар мен дәрістер өткізілді. Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі өткізген сейсмо-жаттығуға арналған барлық іс – шаралар төтенше жағдайлар кезіндегі іс – қимылдар бойынша оқушылар мен қызметкерлердің хабардарлығын арттыруға бағытталған.

Өткізілген іс – шаралар нәтижесінде қатысушылар



теориялық білім мен өзін – өзі қорғаудың практикалық дағдыларын алды, әртүрлі қауіпті жағдайлар туындаған кезде өзіңізді қалай құтқаруды және басқаларды қалай құтқаруды үйренді.

Өзара тиімді ынтымақтастықты ұйымдастыру және қолдау жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Е.БАЙБОСЫНОВ,
алғашқы әскери және технологиялық дайындық пен оқытушысы.

✦ **Мұхамеджан Тынышбаев 145**

Ел ертеңі үшін қызмет еткен

Ұлыстың мерейі, елдің ертеңі үшін қызмет етіп, Кеңес үкіметінің қанқұмар солақай саясатының құрбаны болған асыл азаматтарымыздың бірі Мұхамеджан Тынышбаев. Ол қазақтан шыққан тұңғыш темір жол инженері, мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы, ағартушы-ғалым.

Ұлт - азаттық қозғалыстың көрнекті өкілдерінің бірі Мұхамеджан Тынышбаев 1879 жылы 12 мамырда Жетісу облысы Лепсі уезі, Мақаншы-Садыр болысында, Жыланды тауының етегінде қарапайым шаруаның отбасында дүниеге келген.

Бұл өңір орыс халқы көп келіп қоныстанған ауыл болатын. Сол кездері қазақ мектептері болмағандықтан бала Мұхамеджан кішкентайынан орыс тілін жетік біліп өседі. Ол ауыл молдасынан хат таныған соң, 1890 жылы Верный ерлер гимназиясының даярлық сыныбына қабылданған. Алдымен, екі жыл дайындық курсы бітіріп, кейін 8 жыл негізгі оқуын оқиды. Гимназияда ол математика, логика, геометрия пәндерін терең меңгереді. Орысша, французша еркін сөйлеуді де осы гимназияда үйренеді.

Мұхамеджан Тынышбаев 1 сыныптан бастап өте жақсы оқыған. Мектепті алтын медальмен бітірген. Бала күнгі арманы тарихшы болу болған. Оның тарихқа деген қызығушылығы ерекше болды.

Даярлық сыныпты қоса есептегенде, 10 жыл аталған гимназияда оқыған

Мұхамеджан Тынышбайұлы оны үздік (алтын медальмен) аяқтаған. Әкесі де көкірек көзі ашық адам болғандықтан, ұлының білім алуына көп еңбек сіңірді. Жас күнінен оның ұмтылысы, білімге деген құштарлығы керемет болды. Бір күні Тынышбайдың шаңырағында қонақта болған татар молдасы бала Мұхамеджанды көріп, оның кереметтей алғыр, зерек бала екенін айтқан.


Мұхамеджан Тынышбайұлы - қазақтың көрнекті саяси және қоғам қайраткері, алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі, Алаш Орда үкіметінің мүшесі және оның төрағасының орынбасары, тарихшы-ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш теміржол қатынастарының инженері.

1900 жылы Мұхамеджан император I Александр атындағы Петербор теміржол транспорты институтына қабылданады. Бұл институтты 1906 жылы бітірген. 28 жасында II Мемлекеттік Думаға Жетісу облысы атынан депутат болып сайланады, саясатқа бет бұрады.

1907-1914 жылдар аралығында Әмудария үстіне салынған көпір құрылысына, Ұрсат-Әндіжан теміржол құрылысына жетекші маман, бас инженер есебінде қатысады. 1914 жылы қайраткер Жетісу теміржол құрылысына қайта ауысқан. Бұл жолы ол Арыс-Әулие ата учаскесінің басшысы және бас инженері

болып қызмет атқарды. 1927-1930 жылдары ұлт басына төнген қауіпті сезген Алаш көсемдері халықты ашаршылық пен ұлттық ыдыраудан құтқарудың жолдарын барынша жанталаса қарастырды. Мұны бақылап отырған Кеңес орындары дереу "Кеңес өкіметін қарулы көтеріліс арқылы құлату мақсатында ұйымдасқан "Алашорда" қайраткерлерінің контрреволюциялық, террористік астыртын құпия ұйымын әшкерелеу" туралы қылмыстық іс қозғаған. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев тағы басқа бірінші топтағы 41 адамның тергеу ісі 1927-1930 жылдары арасында жүргізіліп, үкім шығарылған соң, Мұхамеджан Тынышбайұлы бастаған "ұлы құрбандықтың" екінші легі, 30 адам түрмеге түседі. Ақырында оны 1937 жылы 21 сәуірде Өзбек ССР-і Ішкі істер халық комиссариаты тұтқындайды. Осылайша, қазақтан шыққан тұңғыш инженер өзі секілді қуғынға ұшыраған тағдырластарымен бірге 1937-1938 жылдары жүзеге асырылған «үлкен террордың» құрбаны болып, 1938 жылы Ташкент түрмесінде ату жазасына кесіледі.

Алматыдан Лепсіге, Лепсіден



Аягөзге, Аягөзден Семейге, екінші бағыты Алматыдан Шымкент арқылы Қызылордаға қатынайтын теміржолдың әрбір шақырымында қазақтың тұңғыш инженері Мұхамеджан Тынышбаевтың қолтаңбасы жатыр деуге болады. Түркісіб деп аталған теміржолдың алғашқы жобасы Мұхамеджан Тынышбаевтың университет бітіргендегі дипломдық жұмысында жазылған.

Қазақтан шыққан тұңғыш теміржол қатынастарының инженері 1969 жылы бір-ақ ақталды.

Бүгінде сонау Түркісібтен бастау алған қазақ теміржолы ел экономикасының күре тамырына айналған негізгі салалардың бірі болса, осы үлкен жетістікте қазақтан шыққан тұңғыш инженер Мұхамеджан Тынышбаевтың да зор үлесі бар.

Ж.УНЕРХАНОВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Сарқан филиалының жоғарғы санатты архивісі.

✦ Мерейлі отбасы



Өнегелі отбасы - ел тірегі



Отбасылық құндылықтарды дәріптеген, өнегелі ұрпақ тәрбиелеген үлгілі жанұялардың өмірін, жарасымдылығын, тату-тәтті ғұмырын жастарға үлгі ету мақсатында жуырда Аманбөктер ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйымының төрайымы Мәлике Жантасованың ұйымдастыруымен «Өнегелі отбасы - ел тірегі» атты іс-шара өтті. Тәрбиелік мәні зор шараға жарты ғасырлық отбасылық өмірге жеткен Жарқынбай ата мен Жаңылтай апамыз, бір шаңырақ астында 30, 40, 45 жыл бірге ғұмыр кешіп келе жатқан Темірхан ата мен Мәлике апа, Есенжол ата мен Эль-

мира апа, Жанахмет ата мен Анаргүл апа, 25 жылдық күміс тойдың иелері Жанат пен Шынарлар арнайы шақырылды.

Тағылымға толы кездесу барысында қонақтар өздерінің өмірлік тәжірибесімен бөлісті. Өке мен шешенің берер тәрбиесінің сан алуандығы туралы айтылып, түрлі сұрақтарға жауап берді.

- Балаларымыз біздің ақ батамызды алып, бөлек отау құрып, өз күндерін өздері көріп, жауапкершілікті сезініп, өз істерін тыңғылықты орындауды, отбасына жауапкершілікпен қарауды сезіне біледі,- деді Жарқынбай ата.

Тағы бір қонағымыз Есенжол ата жиналғандарға жылы лебізін білдіріп, отбасылық өзара түсіністік, қолдау және қамқорлық көрсету құпияларымен бөлісті.

- Отбасы берекелі, тату болу үшін, сыйластық, мейірімділік, жанашырлық, бауырмалдық сияқты қасиеттер әр адамның жүрегінен орын алу керек,- деді Темірхан атамыз.

- Тынымсыз адал еңбекпен өмір сүріп, жетістікке жете білу әр отбасының ұстанымы,- деді Жанатай ата.

- Ата- ананың міндеті жақсы тәрбие беру, отбасын сенімді құтханаға айналдыру. Әрбір жанұяның босағасы берік болсын! - деді Жанат ағамыз.

Жиын соңында Аманбөктер ауылдық округінің бастауыш ардагерлер ұйымының төрайымы Жантасова Мәлике Дүйсенханқызы отанның тірегі-шаңырағына шаттық ұялаған, босағасына береке байланған ауылымызда осындай бірнеше отбасыларының барын мақтан тұтатынын, жастарды тәрбиелеу ісінде, ұрпақтар сабақтастығын сақтауда бұл жақсы үрдіс екендігін айтып, тәрбиелік шараны қорытындылады.

Өз тілшіміз.

Рамазан - құран айы

Он екі айдың сұлтаны, Алланың мейірімі төгіліп, жұмақтың есігі айқара ашылатын, сауаптар еселеніп жазылатын шарапаты мен шапағаты мол ай - қасиетті рамазан айында Сарқан орталық мешітінде халыққа қолдау көрсетушілердің, демеушілердің көмегімен күнделікті халыққа ауызашар ұйымдастырылды.



Ал 6-сәуір күні Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы бастамасымен жарияланған «Ислам және дәстүр құндылығы» жылына орай Сарқан әйел-қыздар секторының төрайымы Әндиқанқызы Оразима ұстаздың бастауымен 150 қыз-келіншектерге арналған «Рамазан – құран айы» атты рухани ауызашар кеші өтті. Кеште қыз-келіншектер дәстүр жылына байланысты қазақи нақышта киініп, камзол кимешектерімен залды әдемі бояуға бөледі. Бұл кеште Сарқан аудандық орталық мешітінің бас имамы Асқарұлы Серікбек мырза құран оқып және осы рамазан айы бойы қыздар жамағатының отыз құран хатымына дұға жасады. Шапағатты шараға Жетісу облысы қыздар секторының меңгерушісі Орынбасарова Айгерім Атымтайқызы және Талдықорған қалалық Нұр мешітінің ұстазы Абдрахманова Динара Амантайқызы келіп, қыз-келіншектерге пайдалы уағыз айтып қуантты. Сондай-ақ биылғы оқу жылындағы 22 құранға түскен қыз-келіншектер марапатталды. Ал облыстық құран жарысына барған Смаилхан Мәрзия, Төкен Нұрзат және Еркінқызы Гүлназ алғыс хатпен марапатталды. Кештің соңында осы ауызашарға үлкен үлестерін қосқан және аз қамтылған отбасыларға азық-түлікпен көмек көрсеткен Сарқан қаласының кәсіпкер әйелдері Қонақбайқызы Алма ханым мен Саятқызы Аяна ханым және Сарқан ауданының нотариусы Айжан Асқарқызы сөз алып, жылы лебіздерін білдірді. Рухани кеш жоғары деңгейде өтіп, жанымызды қасиетті дініміздің нұрына бөледі. Жалпы ислам дінінде ілім үйретуші ұстаздың орны қашанда жоғары бағаланған. Сүйікті Пайғамбарымыз Мұхамед (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) хадистерінде: «Ілім үйреніңіздер, ілімге қажетті байыптылық пен байсалдылықты да қоса үйреніңіздер. Сіздерге ілім үйреткен кісіні құрметтеңіздер, сыйлаңыздар» деген және де садақаның ең жақсысы – ілім үйреніп, оны басқаларға үйрету демекші сөзіміңіз соңында Құран оқуды үйретуші ұстазымыз Әндиқанқызы Оразима ханымға қыздар жамағатының атынан үлкен алғысымызды айтқымыз келеді.

Жанар МАМАЕВА,
Сарқан қыздар жамағатының мүшесі.

Ұлтымызбен талай ғасыр бірге жасасып, халқымыздың қуанышы мен қайғысына ортақтасқан киелі музыкалық аспап – домбыра туралы сөз еткенде ойыма еріксіз бірден «Күй ойнайды қазағымның қанында, күй ойнайды қазағымның жанында...» деген жыр жолдары оралады. Талай тарих толқынынан өтсе де өзінің қадір-қасиетін жоғалтпаған қазақтың қара домбырасы жаһандану заманында да ұлтымызбен бірге жасасып, әлемді шарлап, көптеген халықтарды өзінің сиқырлы үнімен таң қалдырып, тамсандырып келеді. Шанағынан жасампаз ұлтымыздың мұңы мен сыры, қуанышы мен қайғысы төгілген қос ішекті домбырамызды келер ұрпаққа лайықты аманаттау, қадірін ұғындыру қазіргі таңда біздің буынның бабалар алдындағы қасиетті парызымыз деп білемін.

Осы орайда ұлттық өнерді ұлықтау, домбырамызды дәріптеу мақсатында 2021 жылы менің жетекшілігіммен Ақын Сара атындағы орта мектебінде «Үкілі Домбыра» ансамблі құрылды. Сөз майталманы, айтыс өнерінің қайталанбас шебері, ісі қазақтың аяулы перзенті Сара Тастанбекқызының атымен аталатын іргелі білім ордасында күй өнерін өрістету, шәкірт шыңдау мен үшін зор мәртебе, үлкен жауапкершілік деп сезінемін. Жүйелі жұмыс, табанды еңбек қашанда өз нәтижесін береді, жемісін жегізеді. Оған жыл сайынғы бірлесе қол жеткізген мерей есірер жеңістеріміз жарқын дәлел.

Домбырашылардың арасынан дара шәкірт Дастанқызы Құралайды таңдап Нұрсұлтан қаласындағы Халықаралық «Жұлдызды сәт» онлайн байқауына қатысқан болатынбыз. Талантты, болашағынан үкілі үміт күттіретін оқушы аспапта ойнау номинациясы бойынша өнер көрсетіп, қазылар шешімімен I-дәрежелі дипломмен марапатталды. Ал мен жетекшісі ретінде Құрмет грамотасын және Нұрсұлтан қаласында өтетін Халықаралық «Жұлдызды сәт»



ДОМБЫРА – ҚАЗАҚТЫҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ

офлайн байқауына шақырту жолдамасын - сертификат алдым.

Шәкірттердің шеберлігін шыңдауда, шығармашылық белестерге ынталандыруда түрлі өнер сайыстарының маңызы зор деп білемін. 2022 жылы облыс әкімінің жұлдесі үшін өтетін дәстүрлі «Жетісу жұлдыздары-2022» ХХ облыстық балалар

шығармашылығы байқауының аудандық онлайн іріктеу турында аспапта ойнау номинациясы аясында «Үкілі домбыра» ансамбліміз бас жұлдеге ие болып, шексіз қуанышқа бөледі. Қазақтың үкілі домбырасын өскелең ұрпаққа насихаттау жолында жас буынға сапалы білім беріп, аянбай еңбек еткенім үшін Алғыс хатпен марапатталдым.

"Сазды - теориялық және халық аспаптар" ПЦК онкүндігіне орай ұйымдастырылған "Шабыт" атты аудандық домбырашылар байқауына белсене қатысып "Дуэт, трио, квартет" номинациясы бойынша "Үкілі домбыра" ансамблі I орынды, ал "Трио" домбырашылары II орынды жеңіп алып, өз шеберліктерін тағы бір мәрте дәлелдеді. Ал дарынды шәкірттер тәрбиелегені үшін жетекшісі, яғни мен Алғыс хат иелендім. Сондай-ақ "Атадан мұра" қоғамдық қорының бүлдіршіндер, мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасын-

да ұйымдастырылған "Ұлы дала ұрпағы" V Республикалық байқауында "аспапта ойнау" номинациясы бойынша үздік өнер көрсеткені үшін Ақын Сара атындағы орта мектебінің "Үкілі домбыра" ансамблі I орынмен, ал "аспапта ойнау" номинациясы бойынша жеке күй орындап үздік өнер көрсеткені үшін 7 "б"-оқушысы Серік Нарқұлан I орын иеленіп, өздерінің шын талантты екендіктерін кезекті рет дәлелдеп, абыройымызды асқақтатты. Жан жадыратар осындай жарқын жетістіктер әрдайым биіктерге баспалдақ сынды. Оған келесі ауыз толтырып айтарлық жеңістеріміз айқын мысал. 2023 жылы облыс әкімінің жұлдесі үшін өтетін дәстүрлі «Жетісу жұлдыздары-2023» ХХI облыстық балалар шығармашылығы байқауының аудандық онлайн іріктеу турында үлкен топ «Аспапта ойнау» номинациясы бойынша шәкіртім Құралай Дастанқызы I орынға, тағы бір талапты оқушы Еркеназ Хамит II орынға ие болды. Ал мектеп оқушылары арасында өтетін «Ақберен» Республикалық өнер байқауының аудандық кезеңінде «Ұлттық аспапта өнер көрсету» номинациясы аясында шеберлік танытқан шәкіртім Құралай Дастанқызы II орынмен марапатталды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Жетісу облыстық білім басқармасы «Тоғыз айға - 9 іс-шара» жобасы аясында еліміздің мәдени мұрасын сақтау, білім алушылардың эстетикалық, патриоттық сезімдерін оятудың ұжымдық нысандарын дамыту және жетілдіру мақсатында өз Наурыз мерекесі қарсаңында «Күй күмбірі» республикалық домбырашылар челленджін өткізген болатын. Жас ұрпақ үшін тағылымдық-тәрбиелік мәні зор аталмыш ауқымды шараға біздің білім ордамыздың 12 оқушыдан құралған «Үкілі домбыра» ансамблі қатысып, М.Тынышбаев атындағы орталық алаңның аспанын күй күмбіріне бөлеп, көрермендерін тәнті етті. Мұндай ұлағатты ұрпағы тұрғанда мұңдасар, сырласар жан серігіміз, көне саз аспабымыз-домбыра әрқашан ұлтымыздың жүрегінде мәңгі жасай береді.

Гүлден ТҰҚЫМБЕКОВА,
Ақын Сара атындағы орта мектебі
музыка пәнінің мұғалімі.



Мое знакомство с образовательным центром Сириус

«Наука – самое важное, самое прекрасное и нужное в жизни человека.» – говорил Антон Павлович Чехов. Я с ним полностью согласна, ведь современный мир озаменован множеством научных достижений, которые принесли существенные изменения в уклад жизни, повлияли на нашу повседневную жизнь и открыли новые горизонты для развития. Некоторые из научных достижений изменили различные сферы жизни общества. Вспомним главные из них: интернет и цифровые технологии, геномные исследования и медицинская генетика, искусственный интеллект, энергетика и возобновляемые источники энергии, нанотехнологии, космические исследования и многое другое. Эти научные достижения не только преобразовали технологический процесс, но и оказали сильное воздействие на социальные, экономические и культурные аспекты жизни современного общества. Наше молодое поколение не представляет жизни без современных технологий.

По итогам конкурсного отбора я стала участником Всемирного фестиваля молодёжи в городе Сочи, проходившем в начале марта 2024 года. Я получила приглашение на участие в отборе на расширенную научно-технологическую проектную программу «Глобальные Большие вызовы». Я решила, что участие в программе «Глобальные Большие вызовы» станет для меня реальной возможностью проявить свои навыки и внести вклад в решение глобальных проблем. Конкурсный отбор состоял из 2 этапов. После отправки своего мотивационного эссе на тему «Почему вы хотите стать ученым или со-

стояться в области науки и технологий?», я получила приглашение на следующий этап – собеседование, в ходе которого комиссия сделала анализ моих академических достижений.

Программа проходила на Федеральной территории «Сириус», в городе Сочи с 8 по 21 марта 2024 года. Работа Центра «Сириус» направлена на раннее выявление, развитие и дальнейшую профессиональную поддержку одарённых детей, проявивших выдающиеся способности в области искусств, спорта, естественнонаучных дисциплин, а также добившихся успеха в техническом творчестве.

В рамках программы мы получили возможность совместно с экспертами и представителями компаний партнеров Программы сформировать научно-технологические решения для «больших вызовов» человечества, а также решать задачи, сформулированные партнерами программы в соответствии с приоритетами мировой науки и технологий.

Я выбрала экологическое направление. Наша команда работала над проектом «Экологическое благополучие городской среды. Проект идеального городского парка».

Обучение участников проводили ведущие педагоги России, победители все-



российских педагогических конкурсов, учителя – авторы и разработчики уникальных предметных и междисциплинарных модулей, а также выдающиеся деятели российской науки, литературы, искусства в сфере классической музыки, классического балета и изобразительного искусства.

Руководителями нашего проекта стали замечательные ученые: Фертикова Екатерина Петровна – преподаватель СПбГУ, Никулина Анна Романовна – лучшая студентка Санкт-Петербурга 2023 года. Я была рада работать в команде со своими единомышленниками, членами нашей команды: Александрой из Севастополя, Настей из Санкт-Петербурга, Нозой из Таджикистана. Мы вместе в течение двух недель готовили свой проект, решали поставленные задачи, находили оптимальный выбор, старались сделать наш парк идеальным.

Участие в программе дало мне возможность не только представить свои идеи, но и участвовать в формировании глобальных научных дискуссий. Я стре-

милась к тому, чтобы мой вклад стал частью общего усилия в направлении создания устойчивого и технологически развитого будущего для всех.

В Сириусе я получила опыт международного научного сотрудничества и обмен идеями с участниками из разных стран. Это не только позволило мне углубить свои знания в области экологии, но и расширило мой профессиональный кругозор. Обмен опытом и знаниями с опытными научными исследователями позволил мне развиваться профессионально и вдохновил на создание новых проектов.

Хочу выразить благодарность своим учителям школы гимназии №1: директору Сансызбаевой Гулим Абиловне, Станкевич Татьяне Михайловне, Жумагельдинову Талгату Хусаиновичу, Естемесовой Алмажан Сейтовне, Тойчибековой Эльмире Гайнуловне, Москалевой Олесе Владимировне, Гунько Алене Николаевне, Станкевич Юрию Викторовичу, Смоляниновой Галине Владимировне, Бирюковой Елене Анатольевне, Моисеевой Ольге Сергеевне, Исакову Даурен Маратовичу, Шелеховой Наталье Ивановне, Ракитянскому Александру Сергеевичу, Моисеевой Любов Сергеевне. Ведь благодаря знаниям, полученным в школе, я смогла выиграть этот проект и была активным его участником!

Уверена, что бесценный опыт и знания, полученные в ходе программы будут полезны мне в будущем.

Стремление к пониманию и исследованию окружающего мира является неотъемлемой частью моей личности. Возможность вносить свой вклад в науку и технологии я вижу как уникальную возможность не только для самореализации, но и для содействия прогрессу человечества.

Анастасия БНАХОВИЧ,
ученица 10 Б класса школы гимназии
№1, город Саркан, область Жетісу,
участник программы Сириус 2024.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – жалпыға ортақ міндет



Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп,

мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

А.ДОСАНОВ,
аудандық сот төрағасының м.а.

Автоматты форматта қызмет алатын БЖЗҚ салымшыларының саны өсуде

01.01.2024 ж. мен 29.02.2024 ж. аралығында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры халыққа 15,9 млн. астам қызмет көрсетті. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,5 есе көп. Жүргізілген операциялардың ішінде электрондық форматта – 4,2 млн. астам, автоматты форматта – 11,4 млн, қашықтағы форматта - 0,1 млн., күндізгі форматта 214 мыңнан астам қызмет көрсетілді. Оның ішінде тікелей Қордың кеңселерінде - 201 мың қызмет.

Автоматты режимде көрсетілетін қызметтер саны 10 есе өсті. Оларға, ең алдымен, БЖЗҚ – ның негізгі операциялары - шоттар ашу және төлемдерді жүзеге асыру жатады. 2024 жылдың алғашқы екі айында шартты зейнетақы шоттарын (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аудару нәтижесінде ашатын) және нысаналы жинақтаушы шоттарды (НЖШ, "Ұлттық қор-балаларға" бағдарламасы шеңберінде) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 3,4 млн. Айта кету керек, шоттарды автоматты түрде ашу, көмелетке толмаған азаматтарға нысаналы талаптарды есептеу және ЖМЗЖ сомаларын есепке алу БЖЗҚ-ның мемлекеттік органдардың дерекқорларымен интеграциялануының арқасында мүмкін болып отыр. Сондай-ақ, автоматты форматта "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасына қатысушылардың нысаналы талаптары, нысаналы жинақтарды алушыларға төлемдер, сондай-ақ, зейнетақы жинақтарын төлеу есепке алынады.

Жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу әлі де танымал қызмет болып табылады. Жыл басынан бері ЖЗШ, ШЖШ, НЖШ-дан 4,8 млн - нан астам үзінді көшірме берілді, оның 3,7 млн-ы электрондық түрде (үзінді көшірмелердің жалпы санының 77%) және 988 мыңнан астамы автоматты режимде (үзінді көшірмелердің жалпы санының 20%). 2024 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша "Ұлттық қор-балаларға" бағдарламасы шеңберінде нысаналы жинақтарды төлеуге 775 өтініш қабылданды, оның 288-і тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және 487-сі білім беру ақысын төлеуге.

БЖЗҚ сайттағы және мобильді қосымшадағы жеке кабинетте салымшылардың (алушылардың) өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты мерзімсіз немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру, инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) жинақтарының бір бөлігін төлеуге, аударуға өтініштің мәртебесін қадағалау, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу және т. б. қызметтерді әлемнің кез келген нүктесінде 24/7 режимінде пайдалануға мүмкіндіктері бар екенін еске салады.

2024 жылғы қаңтар-ақпанда деректемелерді өзгертуге 48,8 мыңнан астам өтініш қабылданды, оның 42,4 мыңы Қордың кеңселерінде ұсынылды. БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызметке жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыру бойынша да қосымша кеңес те ала алады.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында 5,9 мыңға жуық көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған 137 мың адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 7,5 мың материал орналастырылды.

Салымшылардың кері байланыс арналары бойынша түскен өтініштерінің саны шамамен 134 мыңды құрады.

101 ескермеді

Орманның басты жауы

90% жағдайда орман өрттері адамдардың ұқыпсыздығынан пайда болады: сөндірілмеген алау, темекі тұқылы, көлік құралының ақаулы сөндіргіші, табиғатта тасталған шыны ыдыс, бықсыған патронды шаң, өткен жылғы шөпті бақыланбайтын күйдіру және басқа себептер. Ең өрт қауіпті кезең көктем ортасы, жаз және күздің басы болып табылады, топырақ құрғақ шөппен және жапырақпен жабылған кезде, жауын-шашын бір аптадан артық болмаған кезде ыстық ауа райы сақталады.

Орман өрттерінің бірнеше түрі бар: төменгі, жоғарғы және шымтезек.

Төменгі өрт көбінесе жапырақты ормандарда пайда болады, бұл ретте жалынның биіктігі 2 метрге дейін жетуі мүмкін, таралу жылдамдығы 1,5 км/сағ аспайды. Жоғарғы өрт қылқан жапырақты ормандарда жиі болады, оның желсіз ауа райында таралу жылдамдығы сағатына 3-4 шақырым, ал желді орманда сағатына 25-30 шақырым және одан да көп болады. Егер сіз орманда өрт ошағына жақын болсаңыз және оны оқшаулауға мүмкіндік болмаса, онда өрт қозғалысының бағытына қарсы тез шығу керек. Егер өрттен шығу мүмкін болмаса, су айдынына немесе жерге жатып, дымқыл киіммен жабыңыз. Қатты түтіндеген кезде жерге жақын тыныс алу керек, сонымен қатар ауыз бен мұрынды бірнеше қабатқа салынған кез келген матамен жабыңыз.

Қазіргі уақытта көптеген демалушылар табиғатқа шығады. Өрттің пайда болуының алдын алу үшін мыналарды білу және сақтау қажет: қылқан жапырақты жас шыбықтарда, құрғақ шөбі бар жерлерде, жел, дауылға ұшыраған орман учаскелерінде, ағаш кесу қалдықтарынан тазартылмаған кеспеағаштарда от жағуға болмайды. Ашық алауды, арнайы жабдықталған орындарда, оны 0,5 м кем емес минералдандырылған жолақпен қоршап қою керек. Қажет болған жағдайда алауға су құйып немесе жерге себіңіз. Жанып жатқан сіріңке мен темекіні тастамаңыз, темекі тартпаңыз және тез тұтанатын сұйықтықтар мен материалдардың жанында ашық отты қолданбаңыз. Ормандағы өртті байқаған соң, дереу ауылдық округ әкімшілігіне, орманшылыққа, өртке қарсы қызметке "101" немесе "112" телефондарына хабарлаңыз.

Есіңізде болсын, сіздің өрттің алдын алу іс-әрекетіңізге тек біздің табиғат пен фауна ғана емес, сонымен қатар адамдардың қауіпсіздігі, олардың өмірі мен денсаулығы да байланысты.

А. ДҮЙСЕНБАЙ,
аудандық ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.



Қауіпті кезеңге қалтқысыз дайындық

Күре жол бойында, егістікте, орманда құрғақ шөптердің жануы жылдан жылға қайталанып отырады. Әсіресе егістіктегі былтырғы жылғы сабандарды жаппай жағуы қатты алаңдатады. Әрине, құрғақ қоқыстар мен басқа да заттардан құтылудың оңай жолы - жағу, бірақ та оның қауіпті екендігін ұмытуға болмайды. От әсіресе желді күндері тез күшейеді. Ондай жағдайда отты сөндіру өте қиынға соғады. Үнемдеудің салдарынан өндірістер мен кәсіпорындар үлкен шығынға ұшырауы мүмкін.

Жыл сайын оқу – жаттығулар жұмыстары жүргізіледі, олар алқаптағы және ормандағы өрт ошақтарын жоюға, тез шешім қабылдауға көмек береді. Бұл жерде нағыз өрт, өртпен күресуде барлық тиімді әдістер мен шаралар іске асырылады.

Мемлекеттік орман қоры аумағында қандай да бір жұмыс істейтін немесе орманда объектілері бар барлық кәсіпорындар, басқармалар мен ұйымдар жұмыс орнында немесе объектіге жақын жерде дала өрті шыққан жағдайда міндетті түрде өртті сөндіруге барлық шараларды, яғни өз күштерімен және құралдарды пайдалануы керек. Егер ондай мүмкіндік болмаса, тез арада орманшаруашылығы қызметкерлеріне, өртке қарсы қызметіне, полицияға немесе жергілікті атқарушы органдарға оттың шыққан орнын хабарлау керек.

Алқап өрттерін сөндіру кезіндегі сіздің әрекетіңіз: -жалынды кенептермен, басқа да қолдағы құралдармен сөндіріңіз; -егер қолда техника болса, өрт болған учаскені оқшау немесе жерді жыртып қорғаныс жүргізіңіз; -өрт сөндіру кезінде бәрінен бұрын оттың таралуын тоқтату керек, содан кейін қарқынды жанған жердегі отты сөндіру керек. Сонымен қатар судың ағысын жалынға емес, жанып жатқан заттың үстіне құю керек. Мүмкіндік болса, жанып жатқан өрт апатын тоқтату үшін оған қарсы өрт қою керек.

Азаматтардың қызметі өрттің шығуына, қоршаған ортадағы адамдардың денсаулығына зиян келтіретін болса, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Өнеркәсіптік және тұрмыстық қоқыстарды жинақтағанда және жаққан кезде өрт қауіпсіздігі ережелері мен атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі талаптарды сақтамағаны үшін кінәлі адамдар ҚР ӘҚБтК 336 баб. бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Тағы да Сіздерді ескертеміз: қоршаған ортаны қорғау мақсатында елді мекендерде, алқап және орман алқаптарында шөптердің қалдықтарын, сабандарды, тұрмыстық қалдықтарды, қоқыстарды және т.б. жағуға тыйым салынады. Табиғатта жүріп, жанған сіріңкені және шылым қалдықтарын, қоқыста бықсып жанатын материалдарды қалдырмаңыздар. Жалынды жаққан кезде оның шетін қоршай қазу керек. Кетер кезде оттың орнын сумен немесе топырақпен жабу керек, отты толық сөндіру керек. Шыны ыдыстарды және шыны қалдықтарын орманда қалдырмаңыздар.

Ә.ҚАБДЕНШОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

«Правительство для граждан»

Как цифровизация изменила сферу госуслуг

За 8 лет Госкорпорация оказала более 302 миллионов государственных услуг.

Через «Правительство для граждан» сегодня можно получить 1281 вид услуг. Из них 41 оказываются в «бумажном» формате, 486 – в бумажно-электронном, и 754 – в электронном виде.

Отметим, что лидером госуслуг по итогам 2023 года стала выдача электронной цифровой подписи – её заказали 3,4 млн раз. На втором месте – регистрация транспортных средств, на третьем – выдача водительских удостоверений.

Добавим, «Правительство для граждан» сегодня – это 263 ЦОНа и 30 спецЦОНов с 25 автодромами (с учётом спецсекторов), 7 центров миграционных услуг и 35 секторов (отделения, оказывающие самые востребованные услуги) ЦОН по всей стране.

«Правительство для граждан» – это воплощение «слышащего государства». Через нас обращаются к власти, через нас получают ответы, и наша миссия – делать эту связь быстрой и эффективной. Самая актуальная задача на ближайшую перспективу – создавать более открытое и доступное цифровое государство для казахстанцев.

По поручению министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности в сотрудничестве с другими ведомствами мы объединим все платформы по оказанию госуслуг в единое пространство. ИИС ЦОН 2.0, контакт-центр 1414, eGov.kz, eGov mobile на смартфоне, на домашнем компьютере, на мониторе оператора будут иметь единый интерфейс и единые процессы – можно начать и продолжать услугу с любого устройства и в любом месте», – рассказал Председатель Правления НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» Арман Кенжегалиев.

Среди знаковых проектов «Правительства для граждан»:

- запуск мобильного приложения «ЦОН»;
- создание системы «Единый государственный кадастр недвижимости»;
- передача функций РАГС Госкорпорации;
- создание сети connection points – точек доступа к государственным услугам в общественных местах, например, в торговых центрах;
- внедрение системы ПДД 3.0 при сдаче экзаменов на знание правил дорожного движения.

Напомним, «Правительство для граждан» отмечает 8 годовщину со дня создания. 7 апреля 2016 года в органах юстиции зарегистрировали новое некоммерческое акционерное общество, задачей которого было «принимать заявления на оказание государственных услуг и выдавать результаты по принципу «одного окна».



Еен туған күн, мерекелен!

Сарқан аудандық кітапхана директоры **Мұхаметқалиева Гүлнар Мерқатқызын** зейнетке шығумен құттықтаймыз!

Еңбегіңіз еленіп құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын! Еткен еңбегіңіз бен төккен теріңіз аз емес. Ендігі сол еңбектің зейнетін көріп, ауырмай-сырқамай немере, шөберенің ортасында аяулы әже деген атты иеленіп жүре беріңіз! Құрметті демалысыңыз 100 жасқа дейін ұлассын!

Зейнет жасқа жетіп кепсіз зымырап, Бірақ қимыл әлі жастай шымыр-ақ. Еңбегіңіз зейнет болсын ендігі, Күндеріңіз мұң салмасын қырындап.
Ізгі тілекпен: Сарқан аудандық, ауылдық кітапхана ұжымдары.



Сарқан қаласының тұрғыны, аудандық кітапханада 40 жылдан астам қажырлы қызмет атқарып келе жатқан **Салимбеков Бердібек Бисикеевич** 12 сәуір күні 60 жасқа толып отыр.

Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 60 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Алпыс - тал түс. Алда әлі талай асулар мен белес-беделдер бар. Сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, деніңіздің саулығын, отбасының амандығын, қызыққа толы ғұмыр кешіп, көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне, ризашылығына бөлене беріңіз. Абыройыңыз асқақтай берсін дей отырып, төмендегі өлең жолдарын арнаймыз.



Ізгілікті нұрын шашар маңайға,
Адамсыз ғой үлгі болар талайға.
Жақсылықты өзіңізден көп көрген,
Ұмытпайды туған-туыс қалайда!
Үлгі болған үлкенге де жасқа да,
Сыйлар сізді туған-туыс, басқа да.
Бақытты боп бұл өмірде мәңгілік,
Қуатыңыз таусылмасын 100 жаста да!

Құттықтаушылар: Сарқан аудандық, ауылдық кітапхана ұжымдары.

ЫСҚАҚОВ Берлібек Ысқақұлы

Жетісу өңіріндегі санаулы майдангерлердің бірі, ғасыр жасына беттеген Ұлы Отан соғысының ардагері, Сарқан ауданының Құрметті азаматы Берлібек Ысқақұлы дүниеден өтті. Қойлық ауылының көнекөз тұрғыны, Ұлы Отан соғысының көзі тірі соңғы сарбаздарының бірі болған абыз ақсақалдың қайтыс болуына байланысты отбасының, туған-туыстарының қайғысын бөлісеміз.



Жеті перзентінен 30 - дан аса немере, шөберелер мен шөпшектер сүйген Ысқақов Берлібек 1925 жылы 3 - наурыз күні Сарқан ауданы Қойлық ауылында дүниеге келген. 1942 жылы әскер қатарына шақыртылған. Севастополь, Одесса, Брянск қалаларын азат етуге қатысып, Жапон соғысын да басынан өткерген батыл матрос көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз», «II дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордендері мен «Маршал Жуков» және басқа да жауынгерлік медальдарымен марапатталған.

Задында сүйегі асыл адамның тәні де, жаны да жөпшендіде қартаймайтындығын Берлібек ақсақалдың болмыс-бітімінен айқын сезіліп тұратын. Қалың қасы қабағын жауып, әдепкіде қатулылау көрінетін өңі құймақұлақ адамдар арасында жайдарлана түсіп, жүзі шырайланып, зердесіне де қылау түспегенін жүйелі әңгімесі арқылы сездіретін ақсақал соғысқа дейінгі есеу жылдары мен соғыстың күрделі кезеңдерін қолмен қойғандай баяндайтын еді. Бүгінгі ақарлы-шақарлы бақуат тұрмысына тәуба қылатын-ды. Балалары тұрмақ немерелерінің атын атап, түсін түстегенде де шатаспайтын санасы ояу, жады мықты, күш-қуаты бабында әдемі қартайған абызымыздың өнегелі өмірі кейінгіге үлгі.

Сарқан ауданының әкімдігі, аудандық мәслихат аппараты, аудандық Ардагерлер кеңесі.

Спорт

Салауатты өмір салтын қолдаймыз

Жақында Қойлық ауылдық округінің спорт нұсқаушысының ұйымдастыруымен жастар арасында жеңіл атлетикадан ауыл біріншілігі өткізілді. Аталған жарысты Қойлық ауылдық округі әкімдігінің маманы Дюсембеков Барысбек Нұрғалиевич салтанатты түрде ашты. Жарыстың мақсаты жастардың уақытын тиімді өткізіп, салауатты өмір салтын ұстану. Жарысқа 9 спортшы қатысып, өзара жүзден жүйрік мыңнан тұлпарын анықтады.



Жарыс нәтижесінде I орынды Бейсенбек Жәнібек, II орынды Мәлікбай Жандос, III орынды Әмен Қайрат иеленді. Жарысымыз қызықты әрі тартысты өтті.

Д. ӘКІМ,
Қойлық ауылдық округінің спорт нұсқаушысы.

Хабарландыру/Объявление

Открылось наследство после смерти **Завгородневой Ларисы Александровны**, умершей 14 ноября 2023 года. наследникам обращаться к нотариусу Ерболаеву А.А., область Жетісу, Сарқанский район, город Сарқан, улица Тәуелсіздік, дом №100, квартира №16, в срок до 14.05.2024 года.

Токсамбаев Сламбектің атына тіркелген Алмалы ауылдық округі аумағында орналасқан 24,97 га көлемді жердің кадастрлық нөмірі 03-263-038-469 тұрақты жер пайдалану құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.